

Өскембаев Қанат Садуақасұлы

Астана халықаралық университеті,
Астана қ., Қазақстан; k.uskembayev@gmail.com

**Ұлағатты ұстаз - профессор В.В. Евдокимов өз ісінің
маманы еді...**

Аннотация: мақалада т.ғ.д., профессор В. В. Евдокимовтың өмірі мен қызметіне байланысты автордың естеліктері бар. Автор әріптесімен танысу және бірлесіп жұмыс істеу туралы өз әсерімен бөліседі.

Кілт сөздер: факультет, археология, ғылым, профессор, кафедра, студенттер, оқыту.

Валерий Валентинович туралы айтар әңгіме әрине көп.

Үстіміздегі жылдың желтоқсан айында Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті тарих факультетінің ұжымы тірі болса саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне, археология ғылымына арнаған профессор, тарих ғылымдарының докторы, ұстаз – Валерий Валентинович Евдокимовтің 80 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтер еді.

В.В. Евдокимов 1942 жылы 24 желтоқсанда Свердлов облысы, Коптеловский ауданы, Костино селосында дүниеге келген. Ол 1961-1966 жж. Свердловск (Екатеринбург) қаласындағы А.М. Горький атындағы Орал мемлекеттік университетінде білім алады. Ол университет қабырғасында жүрген кезінен бастап сол өңірде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына қатыса бастайды. Кейінірек Орал, Батыс Сібірде жүргізілген арнаулы ғылыми археологиялық зерттеу жұмыстарға жетекшілік жасап, іс-тәжірибесін жетілдіреді. 1968 жылдан Валерий Валентинович Қостанай облыстық өлкетану мұражайының ғылыми қызметкері, ал 1969-1976 жж. Қостанай педагогикалық институтындағы тарих кафедрасының оқытушысы қызметтерін атқарады.



Сұр. 1. Профессор Жауымбаев С.У., профессор Евдокимов В.В.,
доцент Варфоломеев В.В. 2014 жыл.

В.В. Евдокимов Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетіндегі ұстаздық жолын 1976 жылы бастаған. Осы білім ордасындағы қызметін аға оқытушылықтан бастап, кейін 1985 жылы доцент, 1985-1987 жылдары аға ғылыми қызметкер (СНС), 2005 жылы профессор, 1986-1991 жылдары университеттің оқу ісі жөніндегі проректоры қызметтерін атқарады. Осындай жауапты қызметтерде болып өзінің өте қарапайымдылығымен танылып, көптеген шәкірттерін тәрбиеледі, әріптестерінің арасында беделді болды. Ол кездерде университеттің тарих факультетінде небір марқасқалар еңбек етті. Олар сол уақыттағы оқытушылардың бірінші буыны болған Жанайдаров У.А., Жуасов К.Ж., Базанова Ф.Н., Спанов Р.Н., Тажібаев Е.Е., Шаймұқанов Д.А., Құлыбеков М.Қ., Құндақбаева Р.Н., Есімов К.А., Аубакиров Б.Т., Орешникова В.М., Свиденко В.С., Телгарин Ә.Н., Хасенов М.Х., Адамбеков Е.К., Батурина Л.Л., Қыздарбеков Б.Қ., Адамбеков Б.К., Әбілев А.К., Өтемісов З.Ө.,

Алимбаев Т.Ә., Бейсенбекова Н.А., Жауымбаев С.У., Абдрахманова Б.М., Зуева Л.И. сынды ұстаздар еді. Олардың ішінде Телгарин Ә.Н., Адамбеков Е.К., Қыздарбеков Б.К., Адамбеков Б.К., Әбілев А.К., Бейсенбекова Н.А., Жауымбаев С.У. т.б. алланың берген қуатымен өздерінің ұстаздық қызметтерін бүгінде жалғастыруда.

Біз осы ұлы ұстаздардың алдын көріп, олардың білім нәрімен сусындап, жақсы тәлім-тәрбие алғанымызды асқан мақтанышпен айта аламыз.

Бұл ұстаздардың ғылымдағы алатын орындары өз алдына бір төбе де, олардың дәріс беруі, жас ұрпаққа тәрбие беруі бір төбе еді. Олардың жүріс-тұрыстары, сөйлеген сөздері, киім киістері, жүректерінің жылулары, шәкіртке деген мейірімдері ерекше болатын. Солардың ортасында профессор Валерий Валентиновичтің де орны ерекше еді. Мен өзім осы ағаларым мен апаларымыз салып кеткен оқу орнында қызмет істегенімді, он екі жылдай Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының меңгерушісі болғанымды (2007-2019 жж.) үнемі мақтан етемін.


Кафедра ұжымы өте ұйымшыл болды. Бір кісінің баласындай жұмылып, тарих факультетінің туын қайткенде жоғары ұстаймыз деп, сондай бір ыждаһаттылықпен, ұқыптылықпен еңбек еттік. Ұжымды ұйыстыра білгендердің ішінде осы тарихтың «корифей-ақсақалдары» жүрді. Солардың арасында осы Валерий Валентинович те болатын. Сөйтіп жұмыла көтерген жүк жеңіл дегендей, қоян-қолтық еңбек ете жүріп, көптеген оқу құралдарын, оқулықтарды шығарып жүрдік. Қуанатын жағдай осы дәстүрді бүгінгі жас ұрпақ та әрі қарай жалғастыруда.

Валерий Валентинович кезінде 1984 жылы Киев қаласында кандидаттық жұмысын, ал 2002 жылы «Қола дәуіріндегі Солтүстік және Орталық Қазақстан» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғайды. Ол Қарағанды мемлекеттік университетінде қызметін бастаған кезден бастап, осы өлкеде ғылыми негізде ұйымдастырыла бастаған археологиялық қазба жұмыстарына белсенді түрде араласқан болатын. Бұл өңірдегі мыс және қола, ертедегі темір ғасырлар кезеңдерінің көмбелерін зерттеуге ат салысты. Қола дәуірінің

40-тан астам археологиялық ескерткіштерін, оның ішінде Алексеевка, Загаринское, Семиозерное II, Доңғал, Кент сияқты эпонимдік қоныстар, Қарағаш, Сатан, Бөзінген сияқты обаларды зерттеу үшін Қарағанды мен Қостанайға жасалған археологиялық экспедициялардың ұйымдастырушысы мен басшысы болды. Экспедиция зерттеулерінің материалдары 100-ден астам жариялымдарда, бірнеше монография мен оқу құралдарының беттерінде жарық көрді. Талай ғылыми-археологиялық жинақтардың редакторы болды. Ол археологиялық экспедициялар барысында тапқан олжаларды үнемі жазбаша деректемелердің мәліметтерін салыстыра келіп, өз тұжырымдарын, ашқан жаңалықтарын ғылыми еңбектерде үнемі жариялап отырды. Ол және оның әріптесі профессор С.У. Жауымбаев 1980 жылдардан бастап басқарған Орталық Қазақстан бойынша ұйымдастырылған археологиялық экспедициялары көне қоныстарды қазуды үнемі жалғастыра отырып, бірнеше металл балқытатын орындарды, ертедегі металлургиялық пештердің орындарын тапқан болатын. Жаңа деректерге сәйкес, соның ішінде Орталық Қазақстанның тас, қола және ерте темір дәуіріндегі палеоэкономикасы бойынша мал шаруашылығы, кен ісі және ертедегі металлургия, қыш өндірісі жөніндегі материалдарға талдаулар жасады. Мысалы, қазіргі Қарқаралы ауданы Кент қоныстарын ашуда, олар қола дәуіріндегі мал шаруашылық және малшы-егіншілік өркениеттің негіздемесін кеңейтіп, тереңдете мәліметтер беруге мүмкіндіктер берді.

Көзі тірісінде профессор В.В. Евдокимов тарих факультетінің студенттері мен магистранттарына «Археология ғылымының өзекті мәселелері», «Археология», «Қазақстан археологиясы», «Алғашқы қоғам тарихы», «Өлкетану» т.б. курстар бойынша дәрістер оқыды, тәлім-тәрбие берді. Оның тікелей басшылығымен оның ондаған шәкірттері кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғап шықты. Ол жиырма жылдан астам уақыт «Жас археолог» клубының бастамашысы, әрі жетекшісі болып жас ғалымдардың. Университет жанында 1980 жылдары ашылған археологиялық мұражайдың ұйымдастырушысы мен жетекшісі болды. Сонымен бірге, ол академик Е.А. Бөкетовке арналған мұражайдың негізін қалауда

айтарлықтай өз үлесін қоса білді. Бұл мұражай бүгінде университеттің мақтанышы, онда жүздеген мың тарихымыздың қолбұйымдары мен қорлары жинақталып, сақталған ғылыми-зерттеу орталық. Сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы жаңадан ашылған «Археология және этнология» бакалавр мамандығын оқыту бойынша Мемлекеттік стандартты жасаушы авторларының бірегейі болды.



Сұр. 2. Археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының бір топ оқытушылары. 2014 ж.

2005-2017 жж. ол «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» «Рухани жаңғыру» бағдарламаларына сәйкес Орталық Қазақстандағы далалық өркениетіндегі металлургия ошақтары және Орталық Қазақстанның этнотопонимикалық зерттеулері, арнаулы экспедициялары жүргізуге ықпал жасады, шұғылданды. Бұл салада оның жеткен жетістіктер баршылық болды. Өлкеміздің киелі жерлері бойынша жүргізілетін жұмыстардың ең бастысы қоғамның рухани жаңғыруына үлкен ықпал ететіндігін және бұл бастаманың ғылыми маңыздылығын сол тұста ол мергенде түсті.



Сур. 3. Алат қонысында. 2015 ж.

Сол жылдары ол тарих ғылымдары бойынша Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі жанындағы аттестаттау комитетінің (ФСҚҰАК) эксперттік комиссияның мүшесі болды.

Валерий Валентиновичке 2004 жылы ҚарМУ-дың Ғылыми Кеңесінің шешімімен белгілі ғалым Қ.Ж.Жуасов атындағы Сыйақы тағайындалды. Ал, 2005 жылы «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағы берілді. Е.А.Бөкетов атындағы университетінің еңбек сіңірген қызметкері атағын да алды. Кафедра, факультеттің ресми және биресми отырыстарында ол отырған жерін әзіл-қалжыңға толтырып көңілді отырушы еді. Үлкен мейрамдарда ескіріңкіреп қалған баянын алып, не бір халық әндерін орындап, айналасындағыларды баурап алатын. Ия, бәрі есімізде...

Валерий Валентиновичтің ғалымдығын, ұстаздығын, тұлға ретіндегі қалыптасу жолын, адами бейнесін бір мақалада толықтай айтып түгендей алмасымыз анық. Ғалымның өмірі мен ғылыми еңбектері жөнінде әлі талай жақсы сөздер айтылып, толымды зерттеулер жазылары сөзсіз.

Өкінішке орай, 2021 жылы 29 желтоқсанда Валерий Валентинович Евдокимов өмірден өтті. Ендігі айтарымыз иманыңыз жолдас болып, топырағыңыз торқа болсын, деп ол ағамыздың ағайын-туыстарына көңіл айтып, әруағыңыз риза болғай дейміз!

Аннотация: статья содержит воспоминания автора, связанные с жизнью и деятельностью д. и. н., профессора В. В. Евдокимова. Автор делится своими впечатлениями о знакомстве и совместной работе с коллегой.

Ключевые слова: факультет, археология, наука, профессор, кафедра, студенты, преподавание.

Annotation: the article contains the author's memoirs related to the life and work of Doctor of Historical Sciences, Professor V. V. Evdokimov. The author shares his impressions about meeting and working together with a colleague.

Keywords: faculty, archeology, science, professor, department, students, teaching.

Сон Константин Викторович

Карагандинский университет им. Е.А. Букетова
г. Караганда, Казахстан; sunge.q@yandex.ru

От корней к ветвям...

(воспоминания участника школьных археологических экспедиций под руководством В.В. Евдокимова)

Аннотация: В статье публикуются воспоминания участника детских и юношеских археологических экспедиций. Представлен живой образ профессора В.В. Евдокимова, как педагога и наставника. Затронуты аспекты воспитания молодежи через историю клуба «Юный археолог» в Караганде.

Ключевые слова: археологическая экспедиция, В.В. Евдокимов, курган, эпоха бронзы, Центральный Казахстан, бронзолитейная печь.